

Кіріспе бөлім Жоба

Барлық балалар мультфильм көргенді ұнатады, маған да мультфильм көрген ұнайды. Көп мультфильм көргенім сонша, тіпті санын да білмеймін. Бірақ оны қалай жасап, түсіретінін білмейді екенмін. Бір күні «Машина-2» мультфильмін көрген соң ойландым. Ол қалай түсіріледі? Оны кім жасайды? деген көптеген сұрақтар көлемінде ойландым. Бұл сұраққа жауап таба алмай, достарымнан сұрадым. Бірақ олар да бұл сұраққа жауап бере алмады.

Менің тағы бір түсінгенім, достарым осы мультфильм көруге күнде 15 минуттан бастап 1 сағатқа дейін уақыт бөледі екен. Бірақ олардың көбіне дерлік оны қалай түсіретінін білмейді екен.

Біз кітапханаға барып ізденіп, мәліметтер жинақтай бастадық. Бір сөздіктен біз «**Мультитер, мультфильмдер**» - бұл бір түбір сөзден шыққан, латын сөзінен шыққан «жан», «жандандыру», «жан бітіру» деген мағынаны беретінін білдік.

Біз мынандай қорытындыға келдік: мультфильм – бұл суретке жан бітіру. Осы кезде мынандай сұрақ туындады: Суретке қалай жан бітіруге болады? Оны қалай жүзеге асырамыз? Бұл қиын ба, «әлде оңай ма? Осы сұрақтарға жауап табу үшін зерттей бастадық.

Менің жобамның мақсаты: өз мультфильмімді құрастыру

Болжау: Мен мультфильді тез жасай саламын деп жоспарладым.

Осы мақсаттан мынандай **міндеттер туындады:**

1. Сыныптастарымның пікірлерін тыңдау.
2. Мультфильмнің шығу тарихын зерттеу.
3. Мультфильмнің қандай технология арқылы жасалатынын білу.
4. Өз мультфильмімді жасау үшін әдіс тәсілдерін маңгеру.

Жобаның мәселесі: мультфильмді зерттеу: қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымын ұстану.

Зерттеу орны: мультфильм тарихының дүниеге келуі, сурет сала отырып, оны қозғалту әдістерін меңгеру, оны жүзеге асыру.

Зерттеу жұмысымда мынандай **әдістерді** қолдандым:

- Пікірлерін тыңдау
- Әдебиеттерді қарастыру
- Видео фильмдер көру
- Жай мультфильмнің жасалу технологиясын меңгеру
- Өз мультфильмімді түсіру
- Түсірілген фильмге қорытынды жасау

Зерттеу жоспарын құрастырдым:



1. Мультфильмы туралы барлығын білу.
2. Мультфильмнің жасалу технологиясын меңгеру
3. Мультфильм технологиясы бойынша түсіріп көру.
4. Жинақтаған іс тәжірибем арқасында өз мультфильмімді құрастыру

Мультфильм тарихы.

Эмиль Коль **графикалық мультфильмді** ойлап табады. Жеке сурет салу арқылы




камерамен түсіріп, суреттерді бір-бірімен байланыстырады. Ол алғаш рет екі минуттық «Фантасмагория» атты үнсіз мультфильмі дүниеге келеді.

Бұл анимациялық фильм болып көпшіліктің есінде қалады, мұндағы бас кейіпкер Фантошаның өзіндік мінезімен есте сақталады.

- 1910жыл — Владислав Александрович Старевич—дарынды **ресейлік режиссёр және оператор** - дүние жүзінде алғаш рет анимациялық «Прекрасная Люканида, или Война усачей с рогачами» атты фильм түсіреді.

- Жылдар өтеді, заман талабына сай көп өзгерістер болды, технология дамып көптеген мүмкіндіктер пайда болады. Енді үнсіз қара түсті мультфильм орнына жаңа анимациялық түрлі түсті компьютерлік анимациялық фильмдер дүниеге келеді.

- 1928 жыл — Уолт Дисней түсірген — деп аталатын фильмдер дүниеге келе бастайды.
- 1932 жыл — **Алғаш түрлі түсті** анимациялық фильм «Цветы и деревья» дүниеге келеді.
- 1936 жыл — СССР —де алғаш «Союзмультфильм» киностудиясы дүниеге келеді.
- 1937 жыл — Уолт Дисней алғаш өзінің **қысқа метражды анимациялық фильмі** — «Белоснежка и семь гномов» ағайынды Гримм ертегісі. «Белоснежка» атты фильмдері үлкен табыс әкеледі: 8 милл. доллар әкеліп бір дүр сілкіндіреді.
- 1967—1971 жылы — режиссёр: Роман Давыдовтың ұйымдастыруымен **алғаш совет мультфильмі** «Маугли» дүниеге келеді.




- В 1999 жылы году алғаш Александр Петровтың «Старик и море» атты мультфильмі кинотеатр өмірінде үлкен жетістіктерге ие болады. 2000 жылы бұл мультфильмді Америкада «Оскар» номинациясымен марапаттайды.

1. «Суретке жан бітіру» жолдары

Ары қарай менің жобамның мақсаты: суреттерге жан бітірудің әдіс тәсілдерін қарастыру болды.

Ертеден келе жатқан қарапайым жолы –әр беттің шетіне сурет салып, бетті жылдам қозғалту арқылы суретті қозғалысқа келтіру болды. Сонда суретке жан бітіп қозғалды.

Менің бір түсінгенім, **кинэограф (Kineograph)** – бірнеше бетті алып, біріктіріп, тігіп тастау болды. Көрермен бетті ашу арқылы анимацияны тамашалауға мүмкіндік алады. Кинеография бұл мультфильмнің бір түрі болып саналады.



«Сиқырлы қимылдар»

Екі бірдей қатты қағаз аламыз. Бірінші бетке бір сурет (аквариум), ал екінші бетке басқа заттың (балық) суретін саламыз. Екі суретті бір -біріне жабыстырып, ортасынан қарындаш сиятын орын қалдырамыз. Енді ортасына қарындаш салып алдыға-артқа қозғаса, екі сурет бірігіп аквариумдағы балық суреті шығады.

Ал тордағы құсты қарындаш арқылы емес, керісінше оған екі жіп қолданамыз. Жіпті шеңбер тәрізді жылдам қозғаса, екі сурет біреу болып шыға келеді. 19 ғасырда бұны **тауматрóp** (грек тілінде $\theta\alpha\delta\mu\alpha$ —таңғажайып және $\tau\rho\omicron\pi\acute{\eta}$ —айналдыру) қызықты ойыншық деп атаған.



«Мультыктер»

Менің анам мектепте оқып жүргенде өзінің сыныптастарымен осындай суреттер салған. Оны мен анамнан естіп, сұрастырып, анимацияның жасалу жолын түсіндірді. Мысалы, блоктоттың бір бетіне кеменің суретін салып, екінші бетіне дәл сол жерге кеменің суретін түтінімен салуды үйретті. Бірінші беттегі сурет бірдей болу үшін, терезенің шынысына қойып бастырамыз. Енді бірінші беттегі суретті қарындашқа орап, жылдам-жылдам қозғаймыз-сонда кеме жүзіп келе жатады да, мұржасынан түтін шығады.

2. Мультфильмнің түрлері.

Жасалу жолына қарай:

- **Құммен анимация жасау** - ұсақ заттар қосу арқылы (себілген құм, тұз, кофе) бұларды шынының үстіне жұқа қылып жаямыз да бір қозғалып тұрған суретке келтіреміз.(мұны қолмен істейміз немесе қылқалам көмегімен).



- **Ермексазбен анимация жасау**- бұл анимацияның түрі, мұнда бір затты жасап қимылға келтіріп, фильмге түсіреді.



- **Қуыршақтан анимация жасау**—мультфильм түсірудің бір әдісі. Мұны түсіруде қуыршақ-актерлерді қолданамыз.
- **Компьютерлік анимация жасау**- мұнда арнайы компьютерлік бағдарлама көмегімен түсіреді.
- **Сурет салу арқылы анимация** -бұл да мультфильм түсірудің бір түрі.мұнда жылтыр беттерге кейіпкерлердің суреттерін салу арқылы жүзеге асырылады.

Мақсатына қарай мультфильмдер:

- Дамытуға арналған
- Үйретуге арналған

- Тәрбиелеуге арналған
- Зерттеуге арналған
- Көңіл көтеруге арналған болып бөлінді.

Шығуына қарай:

- Ресейлік
- Япондық
- Француздық
- Америкалық
- Ағылшындық және басқа да мемлекеттердікі

Ұзақтығына қарай:

- Қысқаметражды
- Толықметражды

Жас ерекшелігіне қарай:

- Балаларға арналған
- Үлкендерге арналған
- Жасөспірімдерге арналған

I. Өз мультфильміңнің шығуы (практикалық бөлім)

Ары қарай мультфильм түсірумен шұғылдана бастадым. Бұл жұмыс оңайға түспеді. Алдын ала материал жинақтап ізденуіме тура келді.

Маған цифровой фотоаппарат, штатив және жарық түсіруге лампа, компьютер қажет болды.

№ 1 тәжірибе

Бірінші анимациялық мультфильмді тақтаға сурет салып түсіруден бастадым, бұған тек фотоаппарат қажет болды. Оны штативке немесе орындыққа бекіту арқылы бірдей кадрлар жасау керек. Енді бастауға болады. Бірінші фигураны саламыз-оны суретке түсіреміз. Артық суретті өшіріп, келесі суретті тақтаға салып, тағы суретке түсіреміз. Одан кейін түсірген суреттерді жинап, компьютерлік бағдарлама арқылы анимация жасаймыз.

Қорытынды: қызық, бірақ оңай.

№ 2 тәжірибе

Келесі анимация "Кірпі" деп аталады, оны алдын ала қағаздан жасап, кезең-кезеңмен суретке түсіріп дайындалады.




Қорытынды: қызық, бірақ көп уақытты және дайындықты қажет етеді.

№ 3 тәжірибе

Мен таға да легодан құрастырылған мультфильм туралы естідім, интернеттен бірнешеуін көріп, енді өзім түсірмекші болдым.

Артындағы фонын аяқ киімнің қорабын қойып, леґо ойыншықтарымнан құрастырдым. Кейіпкердің әр қимылын фотоға түсіріп, кезеңмен қойып белгіледім. Аз қимыл жасатып, көп жотоға түсіргенім тиімді болды. Міне, менде былай шықты:



Қорытынды: өте қызықты, әрі ойнайсың, әрі түсіресің де, ойдан оқиға желісін құрастырасың.

Түсірген суреттерімді жинақтап, компьютер көмегімен өңдеуге анам көмектесті. Арнайы "Киностудия" программасымен суреттерді қойып, музыка арқылы қимылдауды үйрендім. Анамнан көп нәрсе үйрендім.

Қорытынды

Абай атамыздың: "Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы" дегені барлығымызға мәлім. Сол сияқты, бір нәрсені ойлап табу, құрастыру қиынның қиыны дегіміз келеді.

Жобамыздың алға қойған мақсат және міндеттері орындалды: бірнеше суреттер сала отырып, оны фотосуретке түсіріп, оны бір бірімен байланыстыру үшін арнайы бағдарлама көмегімен мультфильм жасадық. Әрине оған ата аналарымыздың көмегі көп болды. Түсірілген суреттерді бағдарлама арқылы байланыстырып, музыкамен демеп көмектесті.

Мультфильм түсірудің оңай емес екенін түсіндім! Бір минуттық мультфильм түсіру үшін 200 кадр сурет керек екен... Кейіпкер қимылына жан бітіру үшін тез қимылдау қажет, яғни секундына - 24 кадр!

Мен өзім түсірген мультфильмімді сыныптастарыма көрсеттім, оларға ұнады. Достарымның айтуына қарағанда, лево арқылы құрастырған мультфильмім қатты ұнапты. Мультфильм қысқа болса да қызықты шықты. Болашақта осы жұмысымызды әрі қарай жалғастырамыз.

Осы жобаны жасау барысында, зерттеу барысында түсінгеніміз: мультфильм түсіру оңай емес. Оны көру барлық балаларға ұнайды, ал оны түсіру үлкен еңбекті қажет етеді. Мультфильм түсіру бір адамның қолынан келмейді, оны көп адамның шығармашылығымен түсіретінін білдім. Өте көп еңбек пен уақытты қажет етеді. Көп ізденудің арқасында алға қойған мақсатыма жеттім. Салған суреттерімізден бағдарлама арқылы байланыстырып түсіруді үйрендім. Кез келген мультфильм көргенде әр қимылына мән бере бастадым. Бос уақытымда суреттер сала бастадым, бұл жұмысым өзімізге ұнайды. Болашақта осы жұмысымды ары қарай жалғастырып, үлкен мамандық иесі боламын деген мақсат қойдық.

Қазір қандай қысқа мультфильмді көріп отырып, менің ойлайтыным, бұл үлкен жұмыс, көп адамның еңбегі екенін білдік.

Бұл саладағы зерттеуімізді ары қарай жалғастыра береміз.

Әдебиеттер:

1. Асенин С. Волшебники экрана - М., «Искусство», 1974. – 145б.
2. Гамбург Е., Пекарь В.. Художники ожившего рисунка, Союз кинематографистов СССР, 1984 г.
3. Саймон М. Как создать собственный мультфильм – НТ Пресс, 2006.- 337б.
4. Сайты в Интернете:
И.Вано «Рисованный фильм» (книга в Интернете):
<https://ru.wikipedia.org/wiki/Мультипликация>
5. "Қазақ елі" мультфильмі, "Қазақфильм" киностудиясы -2014ж.